

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1237 және 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 47 қаулыларына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 маусымдағы N 509 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 995 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1237 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 47, 586-құжат):

3-тармақтың 2) тармақшасы "комитеті" деген сөзден кейін "және оның аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитетінің аумақтық бөлімшелерінің тізбесі";
көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Бәсекелестікті қорғау комитеті туралы ережеде:

1 9 - т а р м а қ т а :

3) тармақша "құрылымдық" деген сөзден кейін "және аумақтық" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша "қызметкерлерін" деген сөзден кейін ", аумақтық бөлімшелер бастығын және бастығының орынбасарларын" деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақша "құрылымдық" деген сөзден кейін "және аумақтық" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитетінің құрылымында:

екінші және үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар нарықтарын талдау басқармасы
Бағалық реттеу басқармасы";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және

сауда министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің аумақтық бөлімшелерінің тізбесінен кейін осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитетінің аумақтық бөлімшелерінің тізбесімен толықтырылсын;

2) (күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.15 N 339 Қаулысымен)

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 6 маусымдағы
N 509 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 26 қарашадағы
N 1237 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитетінің аумақтық бөлімшелерінің тізбесі

1. Ақмола облысы бойынша Монополияға қарсы басқарма
2. Ақтөбе облысы бойынша Монополияға қарсы басқарма
3. Алматы облысы бойынша Монополияға қарсы басқарма
4. Атырау облысы бойынша Монополияға қарсы басқарма
5. Шығыс Қазақстан облысы бойынша Монополияға қарсы басқарма
6. Жамбыл облысы бойынша Монополияға қарсы басқарма
7. Батыс Қазақстан облысы бойынша Монополияға қарсы басқарма
8. Қарағанды облысы бойынша Монополияға қарсы басқарма
9. Қостанай облысы бойынша Монополияға қарсы басқарма
10. Қызылорда облысы бойынша Монополияға қарсы басқарма
11. Маңғыстау облысы бойынша Монополияға қарсы басқарма
12. Павлодар облысы бойынша Монополияға қарсы басқарма
13. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Монополияға қарсы басқарма

14. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Монополияға қарсы басқарма
15. Алматы қаласы бойынша Монополияға қарсы басқарма
16. Астана қаласы бойынша Монополияға қарсы басқарма

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК